

"Қазақ ұлттық музыка академиясына музыкалық аспаптар жеткізіп беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасында ноталар алмасу нысанында келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 460

Астана қаласының мәдени объектілерін дамыту және Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ ұлттық музыка академиясына музыкалық аспаптарды жеткізіп беру" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы (бұдан әрі - Келісім) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, оған қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат беріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісім жасассын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша белгіленген тәртіппен Келісімнің күшіне енуі жөніндегі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК